



ГЕОСАЯСАТ

КАСПИЙДЕГІ МӘМІЛЕ



12 тамыз – Каспий күні. Жағалаудағы елдер тұйық теңізге деген құрметі мен қамқорын осылай білдіреді. Алдағы жексенбіде бес ел ғана емес, күллі дүниенің назары кәрі Каспийге ауғалы тұр. Бұл күні Ақтауда өтетін Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Иран және Түрікменстан басшыларының бесінші саммитінде теңіздің құқықтық мәртебесін айқындайтын тарихи құжатқа қол қойылуы тиіс. Сөйтіп, ширек ғасыр бойы күрмеуі көп түйінге айналған мәселе оң шешім табады деген үміт мол.

(Жалғасы 5-бетте)

ҚҰРЫҚ

МҰХИТТАН СОҚҚАН СУЫҚ ЖЕЛ

«Қызың үйде, қылығы түзде» деген мәтел бар. Мұны неге айтып отырмыз? Осы аптада мұхиттың арғы жағында үш бірдей отандасымыз қолға түсті. Үшеуі де нәзік жанды қарулар. АҚШ-та алаяқтық жасады деп айыпталған жерлестеріміз Тараздың тумалары екен. Бізге жеткен ресми ақпаратқа сенсек, олар интернет арқылы «көлік сатамыз» деп жалған жарнама жасап, алаяқтықпен айналысқан 25 адамнан құралған топтың құрамында болыпты.

Нью-Йоркте ұсталған отандасымыздың екеуі қазір қамауда, біреуі денсаулығына байланысты ешқайда кетпеу туралы қолхатпен босатылған. Шетте жүріп қылмысқа шырмалған қыздар туралы сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров былай деді: «Қыздар алаяқтықпен айналысты деген күдікпен ұсталды. Олар – 1991, 1994 жылғы және 1970 жылғы Қазақстан азаматтары. Қазір тергеу жүріп жатыр, бір аптаның ішінде сот басталады. Қалған ақпарат содан кейін белгілі болады».

Шетелде жүріп істі болған қыздар кімдер? Қазірге дейін анықталған ақпарат бойынша олар – 24 жастағы Әзиза Жалолова, 27 жастағы Диора Әширова және 48 жастағы Елена Құдайбергенова. Тіпті олардың туысқан екендіктері де расталды. Қыздардың мұндай қылмысқа не үшін барғаны ғана жұмбақ.

КТК телеарнасының Тараздағы тілшісі Диораның әкесі Мирсұлтан



Ахунжановқа барып жолықты. Ол кісінің өзі әйелімен 10 жыл бұрын ажырасып, жұбайы жалғыз қызын АҚШ-қа алып кеткен екен. Сондықтан қызымен соңғы рет 5 жыл бұрын телефон арқылы ғана тілдесіпті. «Таң калып әрі қорқып тұрмын. Мен ондай қыз тәрбиелеген жоқпын. Ол өзі алданып қалды деп ойлаймын. Олардың немен айналысып, не істеп жүргендерін де білмедім. Бірақ қызымның кінәсі жоқ деп ойлаймын. Оған сенемін», – дейді Мирсұлтан Ахунжанов.

Кім жақынын жамандыққа қисын? Оның үстіне, мұндай ақпараттың әкеге ауыр соғатыны анық. Екінші отандасымыз Әзизаның да анасы қызының мұндай қадамға барғанына сенбейді. Төбесінен жай түскендей болған Лола ханымның айтуынша, Әзизаның мамандығы дәрігер екен. Ол 5 жылдан бері сонда тұрады. АҚШ-та жеке клиникада жұмыс істейтін көрінеді. Жұмысы тұрақты болған. Қызы осы көктемде ғана тұрмысқа шығыпты. Әзизаның мұндай қылмысқа барғанына сенбей, арандату шығар дейді. Ал Елена Құдайбергенова туралы қазірше ешкім ақпарат берген жоқ.

Тергеу мәліметінде қыздардың интернетке жалған жарнамамен машиналарды саудаға шығарып, клиенттерден ақшаның бір бөлігін алдын ала алып, кейін өздері таптырмай кететіні айтылған. Сөйтіп, әлгі 25 адамнан тұратын қылмыстық топ



жалпы көлемі 4,5 млн доллар шығын келтірген.

АҚШ полицейлерінің таратқан мәліметінде қылмыстық топ құрамында сегіз елдің азаматтары болғаны айтылады. Үшеуі – біздің жерлестеріміз. Осы



аптада алғашқы сот отырысы өтті. Егер олардың кінәсі дәлелденсе, әрқайсысы АҚШ заңы бойынша 20 жылдан 30 жылға дейін жаза арқалауы мүмкін. Неге екенін қайдам, біраз уақыттан бері қылмысқа шатылған нәзік жандылар көбірек бой көрсететін болды. Ақжарқын Тұрлыбай Қытайда қолға түсіп еді, одан кейін міне тағы үш қызымыз шетелде жүріп істі болды. «Қызың үйде, қылығы түзде» деген осы.

Жарас КЕМЕЛЖАН

СҰХБАТ

Еліміздегі ең ірі ұлттық мұнай компаниясы түйткілді мәселелерді шешу үшін қандай стратегиялық жобаларды жүзеге асырып жатыр? Қордаланған қарыз мәселесі қалай шешілмек? «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев сұхбат барысында компания тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, өзекті сауалдарға жауап береді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕН ТУЫНДАДЫ



– Сауат Мұхаметбайұлы, соңғы кезде КМГ атына, соның ішінде қарыздарына қатысты көп сын айтылуда. Шын мәнісінде жағдай қалай болып отыр?

– Қарыз – бұл бір жылдың төнірегінде қордаланған мәселе емес. КМГ-ның бір мезетте бірнеше үлкен, стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асырғанын ескерген жөн. Бұл Қашаған мен Қарашығанактан үлестерді сатып алу, КМГ-ның еуропалық активі – «Ромпетрол» компаниясына инвестиция салу. Сондай-ақ бір уақытта үш ірі зауытты жаңғырту, газ-тасымал жүйесіне елеулі қаржы құю. Әрине, бұның бәрі борыш жүктемесі тұрғысынан алғанда өз әсерін тигізбей қоймайды. Осы жобалардың барлығын соңына дейін жеткізуге міндетті болдық.

Ауқымды инвестициялық салымдардың кезеңі аяқталғанын жақсы жаңалығымыз деуге болады.

Біріншіден, ірі жобалар бойынша айтып өтейін.

Қашаған 2016 жылдың қарашасында іске қосылды. Жоба кіріс әкеле бастады. Ендігі кезекте КМГ-дан комақты ақшалай ағындардың болуы әзірге көзделмейді. Қарашығанактың 10 пайыздық үлесін сатып алу өзін-өзі өтеді. Ұлттық компания үлесіне тиесілі кірістің КМГ-ға түсуі жалғасады.

Екіншіден, магистралды құбыр желісінің құрылысы аяқталды. Қазіргі уақытта біз өз көгілдір отынымызбен еліміздің оңтүстік өңірін қамтамасыз етіп отырмыз.

Ішкі нарыққа шамамен 13,7 млрд текше метр газ жеткіземіз. Бұл аз емес деп ойлаймын. Алайда бұдан бізге ешқандай пайда түспейді. Осы отын түрінің ішкі жеткізілімдері компаниямызға жылына 57 млрд теңге шығын келтіреді. Олар газ экспортынан түсетін кіріс есебінен өтеледі.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚЫЛМЫС

КЕЛІМСЕК – 300 \$



Бұл – адам құны емес, Алматыға жұмыс істеуге келетін гастарбайтерге берілетін рұқсат қағаздың құны. Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы шетелдік келімсектерге берілетін рұқсат қағаз үшін әр келімсектен 300 доллар ақша алып отырған. Мұны мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми өкілі Нұрлан Жажин мәлімдеді.

Тергеу барысында белгілі болғандай, шетелден Алматыға келіп жұмыс істейтін гастарбайтерлерге рұқсат беретін комиссияның шешімін әлгі күдікті өзі сатып отырған. Ол осы заңсыз әрекетімен

жалпы сомасы 1,5 мың доллар ақшаны қалтасына басыпты. Күдіктінің қылмысты толық мойындауына байланысты қамауға алынбаған. Бірақ қылмыстық іс қозғалды.



БИРЖАМЕТР

DOLLAR
356

EURO
404,29

РУБЛЬ
5,44

МҰНАЙ (brent)
72,43

ТІРШІЛІК

АҚАН СЕРІ АУЫЛЫНДА НЕБӘРІ 20 ҮЙ ҚАЛДЫ



Болат Ахметжанұлы айтқан коттедждер әлі тұр. Бастапқы бейнеден сәл-пәл ауытқыған. Шатыры мен қабырғаларында уақыттың табы аңғарылады. Бақасы бүтін. Ал ауыл қотанындағы зәулім мектеп үйі, сауда үйі, балалар бақшасы, бассейн – бәрі қаңырап бос тұр.

(Толығырақ 3-бетте)

КЕЛІСІМ

Қытайдың Шыңжаң өлкесі 675 қазақтың өлімізге келуіне рұқсат беру мәселесін қарап жатыр. Қазір екі азаматтығы бар 19 азаматтың 15-іне салынған уақытша тыйым алынды. Осы аптадағы Үкімет отырысынан кейін сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Қытайдағы қазақтардың мәселесіне тоқталып өтті.



Қ.ӘБДІРАХМАНОВ: КЕЛІССӨЗ ЖҮРІП ЖАТЫР

Министрдің айтуынша, мәселе әлі толық шешілмеген. Алайда Қазақстан тарапынан барлық жағдай жасалып жатыр. «Бейжің мен Үрімжіде, Алматыдағы Қытайдың бас елшілігінде ресми кездесулер өткізіп жатырмыз. Мәселе 24 сағат бойы қаралуда. Мемлекет басшысы

бұл мәселені назарда ұстап қана қоймай, шешімін табу керектігін тапсырған болатын», — деді ол тілшілерге берген сұхбатында.

Сондай-ақ Қазақстан азаматтығын алған казактардын Қытайда жинаған зейнетақысын ала алмауы мүмкін екенін жеткізді. Дегенмен бұл жөнінде де жұмыс жүргізіліп жатыр. Министр ел арасында ерекше резонанс тудырған Сайрағұл



бірнеше мәселе бойынша өтінім түсіп жатқан көрінеді. «Біріншіден, Қазақстан азаматтарының қос азаматтық үшін ұсталуы. Екіншіден, Қазақстанда тұруға ықтиярхаты бар Қытай азаматтарының ұсталуы. Үшіншіден, Қазақстан азаматтығын қабылдаған және Қазақстанда тұратын казактарға Қытайдағы зейнетақы жинақтарын беруін тоқтату туралы мәселе. Қазіргі таңда қос тарап осы мәселені шешу үшін тығыз жұмыс істеуде», — деді министр. Еске түсірсек, биылғы жылдың сәуір айында Қайрат Әбдірахманов Қытайға

Сауытбайдың сотына қатысты өз ойын білдірді. Қ.Әбдірахманов «Барлық мәселе құқықтық негізде шешіледі. Екі елдің қарым-қатынасына бұл ешқандай салқынын тигізбейді», — деді. Қытайдан көшіп келген және қазір Қазақстанда тұрып жатқан казактардан

ресми сапармен барып, осы мәселені көтерген болатын. Оған қоса, сыртқы істер министрлігі Шыңжаң өлкесінің билігімен келіссөз жүргізді.

(Өз тілшіміз)

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

6

Зейнетақы қорына қарызы бар отандасымыздың Лондонда осынша қымбат пәтері бар

48

Семейден Ресейге шыққан осынша жолаушы автобуспен бірге өртеніп кете жаздады

88

Елімізде осынша шетелдік телеарна көрсетілмейді

823

млн теңгеге Ақтөбе қаласын абаттандыру үшін гүл отырғызылған

Мірдің оғы



«Адам бір лауазымда ұзақ уақыт жұмыс атқарса, еңбек өнімділігі төмендейді, қызметкердің ой-өрісі бір учаскенің шеңберімен шектеліп қалады. Сондай-ақ ондай қызметкер өз жұмысын жаңа әдістермен толықтыра алмайды. Жершілдікке жол беріледі»

Нұрлан ЖАХИН,
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми өкілі

Сөз-Жебе



Шәкәрім СЕЙСЕНБАЙ,
мектеп директоры:

«Мен 26 жастамын. Мектеп директорларын ашық болуға шақырамын. Оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен арада еш кедергі тұрмауы керек. Директорды дәлізде көргенде бала қашпауы керек. Директордың кабинетіне кез келген бала кіре алуы керек»

7 сөз

Еліміздің Тарбағатай өңірінде бесінші «Алтын адам» табылды

Сүйінші!



ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА

Качир ауданы –

ТЕРЕҢКӨЛ ауданы

Лебяжі ауданы –

АҚҚУЛЫ ауданы болып өзгерді

Әлеумет.т⁰



Бұрын «тарыдай боп кіріп, таудай боп» шығатын еді. Қазір... Әңгіме грант иегерлері хақында. Анығырақ айтканда, жоғары оқу орындарына құжат тапсырған түлектер жайлы. Биыл шетелден келген 862 қандас-бауырымыз жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік гранттың иегері атанды. Қуанышты-ақ хабар! Бірақ бір «әттеген-айы» болмаса. Оған сәл кейінірек ораламыз. Әзірге қолда бар мәліметтерге шолу жасап көрелік.

Білім және ғылым министрлігінің хабарлауынша, тестілеуден 25 балл алып, грантка ие болғандардың саны жүзден асады. 133 балл жинаған екі бала медицина мамандығын таңдаған. Жалпы, 862 үміткердің 290-ы білім бағытын таңдаса, 242 бала техникалық оқуға түсуді қалаған. Зангер мамандығын оқуды екі қандасымыз ғана дұрыс көріпті. Ал 25 және 26 балл алған екі үміткердің бірі «дене шынықтыру және спорт», екіншісі «бастауыш мектептерде білім беру» факультетіне оқуға түскен.

берген тәлім-тәрбие мен білімді бойына токи ала ма? Үміттен гөрі күдігім басым!».

Бұрындары мұғалімдікке қолы жеткендер ғана түсетін. Қалірі мен қасиеті бірінші орында тұрған мамандық еді. Құндылықтар құлдыраған уақытта ұстаздан бедел де кетті. Беделсіз мұғалімді кім тындайды? Біліксіз ұстаз кімге тұлға болады? Сонғы уақытта «ұстаздың беделін көтеру» мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Енді мына жағдайдан соң, бүгінгі күнмен жылап көріспесімізге кепілдік бар ма екен?!

Араға бірнеше күн салып, дау тудырған мәселе бойынша білім және ғылым министрінің орынбасары Асхат Аймағамбетов тілшілер сұрағына былай жауап берді: «25 балл деген қайдан шықты? Түсіндіре кетейін. Мысалы, қысқартылған бағдарлама бойынша оқитындар бар. Ондай студенттер 3 жыл ғана білім алады. Егер 11-сынып түлектерінің ең жоғары балы — 140, оқуға түсетін балл 50 десек, екі пәнді ғана тандайтын колледж оқушылары

ОҚЫМАСАҢ ДА ОҚЫТУШЫ БОЛАСЫҢ!

Мектепті «жарытып» оқымағандар енді болашақ ұрпаққа білім беруді мақсат етіп қойыпты. Сонда олар балаға қандай білім мен тәрбие бермек? Не өнеге көрсетпек? Білім беру гранттары неге соншама төмендеп кеткен? Әлеуметтің температурасын көтерген мәселе қоғамда қызу талқыға түсті.

Парламент Мәжілісінің депутаты Бакытгүл Хаменова 25 балмен мұғалімдікке оқытуға үзілді-кесілді қарсы шықты. Педагогика саласында қызмет етіп жүрген жоғары оқу орындарының оқытушылары да бұл жаңалықты жай түскендей қабылдапты. «Мен қарсымын, қарсымын және қарсымын! Бұл болашақтың тамырына балта шапқанмен тең», — дейді қоғам қайраткері Жанат Қажығали.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы, доцент Сараш Қоңырбаева осы мәселе бойынша бізге былай деді: «25 балды әрең алған үміткер біз

үшін жоғары балл — 70, оқуға түсетін балл — 25. Біз «Атамекен» ұлттық палатасының өтінішімен колледж түлектеріне арнап грант бөлгенбіз. Бірақ ол грант ешкімге керек болмай қалды да, амал жоқ, 25 балл алған мектеп оқушыларына беруге бұл жолы тура келді».

Оқырманға маңызды емес шығар. Дегенмен, вице-министрдің биылғы ҰБТ-ға келтірген кейбір мәліметін жеткізуді жөн көрдік. 2018 жылы грант алуға қатысқандар саны 75 мыңға жеткен. Бұл бытырғы көрсеткішке қарағанда 15 мың адамға көп. Үміткерлердің 60 мың 327-сі қазақ тілінде, 14 мың 810-ы орыс тілінде, 293-і ағылшын тілінде білім алуға ниет білдірген.



Токтар ЖАКАПШ

Тәртіп

Жастықтың желігі дейміз бе, әлде мақтаншақтық деген дұрыс па, қазір жолдағы тәртіпке пысықрмайтындар көп. Мәселен, өткен аптада Алматының Әл Фараби даңғылының бойында той кортежі жол ережесін ерескел бұзған.

Жастар мемлекеттік нөмірі жоқ сүліктей кара көліктерді мініп алып, күрежолдың бойында «ойнақ» салды. Баска жолаушыларға өткел бермей,

шегініп жүрді. Ол аз десеніз, көлік терезесінен басын шығарып, кику салды. Әйтсе де, «Мың асқанға бір тосқан». Жол ережесін бұзғандар жауапқа тартылды, темір

ЖОЛДАҒЫ ЖҮГЕНСІЗДІК



жолды сол той кортеждері жауып тастап, ойларына келгенін істеді. Тіпті жол полицейлерінің өзін өткізбей қойды. Бір бағытқа арналған жолда машинамен кері

екі жыл бұрын тағы да сол Әл Фараби даңғылының бойында желіккен жастар той кортеджін теріс жүргізіп, жұрттың ашуын туғызған еді.

тулпарлары айып тұрағына тоғытылды. Жастардың жолда жасаған мұндай жүгенсіз әрекеттері бұдан бұрын да болған. Естеріңізде болса, осыдан

Тіршілік

Биыл қазақ ән өнеріне өзінің жауһар туындыларымен айрықша үлес қосқан Арқаның ақтаңгері – Ақан сері Қорымсаулының туғанына 175 жыл. Осы айтулы мерекеге орай тойға қамданған Ақмола облысындағы Айыртау ақсақалдарының пікірі екіге жарылып тұр. Ел ішіндегі рабайсыз әңгімені біз де естігенбіз. Кейін ақсақалдар Көкшетау қаласындағы республикалық Jas qazaq газетінің қосынына телефон шалып, келіп кетуімізді, газет арқылы пікір білдіруімізді өтінді. Мәселенің мәніне тереңірек бойлайық деп, әдейі ат арытып барып қайттық.

Алдымен Ақан сері ауылына. 150 жылдық тойы қарсаңындағы қарбасты көзіміз көрген. Осы тойдың барысында салынған жана ауылдың жасампаз, салтанатты бейнесі әлі есімізде. Шынын айтканда, көптен бері ат ізін салмап едік, ауыл ажарына ептеп кіреуке түсе бастаған екен.

Айыртау ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров «Осы ауылдың іргесіндегі Ақан серінің қоладан құйылған ескерткішін көшіріп, Саумалкөл селосының кіреберісіне қою керек», — дейді. Оның уәжі, күре жолдан бес шақырымдай қашық жатқан Ақан серінің ауылына ешкім ат ізін салып жатқан жоқ дегені.

— Аудан орталығына кіреберістегі ескі МАИ бекетінің орнына тұғырын биіктетіп, алыстан көзтартатындай етіп әлгі ескерткішті алып келіп орнатсақ, ұтымды болады — дейді ол. Келетін конактардың барлығы осы жолды басып өтеді ғой.

Осы пікірге қарсы топтын өкілі, яки Ақан серінің 150 жылдық тойын тойлаған кезде, осы ауданда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған, тойдың өтуіне ерен еңбегін сіңірген ел ағасы — Болат Көшімбаев Ақан сері ауылының қалай салынғанын баяндап берді.

— Бұл тойға аттай 10 жыл бойы дайындалдық. Ол кезде біздің ауданда уран кені өндірілетін. Орталығы Степногорск қаласында. Тау-кен басқармасының басшыларын, Мәскеуден



осы саланың министрі Ковалевты шақыртып, қыруар жұмыс атқарғанбыз. Кеңес заманында далада шашылып жатқан ақша жоқ, ойға алған шаруамыз үлкен қиындықпен атқарылған. Кеңашыға 22 коттеджді сол ұйым салып берді, ал қалған 42 коттеджді ауданның барлық кеңшарлары жұмыла көтерді. Ол кезде коттедж дегеніңіз — кісінің түсіне енбейтін ғажайып баспана болатын. Қияндағы Кеңашы түгіл аудан орталығында, аудан орталығыңыз не, облыс орталығы Көкшетауда да ырымға бір коттедж жоқ еді.

Болат Ахметжанұлы айтқан коттедждер әлі тұр. Бастапқы бейнеден сәл-пәл ауытқыған. Шатыры мен қабырғаларында уақыттың табы аңғарылады. Баскасы бүгін. Ал ауыл қотанындағы зәулім мектеп үйі, сауда үйі, балалар бақшасы, бассейн — бәрі қанырап бос тұр.

— Әуелі 1993 жылы осы ауылға асфальт жамылғымен қапталған жол тарттық, — дейді Болат Ахметжанұлы, — ал коттедждерді қаранызшы, бір-біріне ұқсамайтын архитектураның сол кездегі ең үздік үлгілерін пайдалана отырып салынған және барлығы бір жылу орталығына қосылған. Әрбір үйге орталықтандырылған су жүйесі тартылды. Ал ескерткіш өз алдына бір жыр. Жел жетпес жүйрік пырағы — Құлагердің үстінде, қолында бауырына қымтай қысқан домбырасы, соңында қасқырды қынадай қырған Басарала төбеті, ертоқым үстіндегі тұғырда көк аспанның патшасы — Қараторғайы. Бәрін біртұтас етіп қоладан құйғыздық.

Тұтас композиция сол қалпында сақталған. Оған жалғас ашық аспан астындағы сахна. Сахнаның алдында көрермендер отыратын кең зал. Тек көрермен залының кейбір тақтайы ескірген екен, баскасы дін аман.

Дәл осы жерде біздің қауашаққа мынадай ой келген. Оңтүстік жұрты жыл сайын қазақ вальсінің королі — Шәмші Қалдаяқов атындағы республикалық ән байқауын өткізіп жүр. Ал

АҚАН СЕРІ АУЫЛЫНДА



НЕБӘРІ 20 ҮЙ ҚАЛДЫ

ашық аспан астындағы Ақан сері ескерткішінің тап түбіндегі далалық сахнада Ақан әндерін орындаудан неге республикалық байқау өткізбеске?! Тіпті ештеңе дайындаудың да қажеті жоқ. Күміс көмей тәмам әнші Ақан сері ескерткішіне тағзым етер еді. Іргедегі Құлагердің құдығынан дәм татар еді, содан соң жасыл желекке малынған, қолдың саласындай аққайындар көмкерген дала сахнасында әуелете ән шырқар еді. Күні кеше Ақан серінің таудың тұма бұлағындай мөп-мөлдір ғашықтық жырларын тыңдаған мына дала тебіреніп кетпес пе?..

Болат Ахметжанұлы «Кешегі кеңес заманында қазақ өнерін, өнер иелерін кім керек қылды дейсіз? Ақан серінің жамбасы тиген жерді де кейін анықтадық қой. Анықтаған соң, басына зәулім күмбез тұрғыздық. Сол иманды ісім үшін талай рет үстімнен арыз жазылды. Бірақ тауым шағылған жоқ, қайта ойға алған ісім онынан тұрып, бойыма күш құйыла берді. Тәмам жұрт төңті болды. Өзбекәлі Жәнібековтің де іздеп келетіні де осы тұс. Әдейі барып Ақан сері бейітіне мінәжат етті. Күмбездің кірпіштерін аялы алақанымен сипап тұрып, терең ойға батқан. Содан соң Арқаның ақиығы — Ақан серіге осындай бейіт тұрғызған Айыртау жұртына ақ алғысын білдіріп еді», — делі.

Осы іске ел жұмыла қолдау көрсетті. Ұйымдастырушылар қатарынан сол кезде аудандық партия комитетінде қызмет істеген Кенжеғали Мұқатаев, Қалыржан Әубәкіров, Болат Рахимов, Елемес Қалиев тәрізді азаматтарды айта кетуге болады. Құрылыс өз алдына, идеологиялық жұмыстарға көп көңіл бөлінді. Ақан сері тойы ел еңсесін көтерген республикадағы алғашқы тойлардың бірі болғандығы анық.

Осы тойдың барысын Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Қырғызстанның сол кездегі президенті Аскар Акаев, Өзбекстанның сол кездегі басшысы Ислам Кәрімов келіп тамашалаған, жоғары баға берген. Енді сол ауыл жабылудың аз-ақ алдында тұр. Ескерткішті елден көшіреміз деп жүргендердің өктем үн қатуына бір себеп — осы. Бірақ ауыл тұрғындары, негізінен Ақан серінің ағайын, туыс-тума, жұрағаттары бұл пікірге үзілді-кесілді қарсы.

— Мен осы Ақан сері ауылының тумасымын, — дейді Құрман Нұрсейітов. — Заманында ауыл шаруашылығы саласында қызмет атқардым. Ақан атамздың өнерін

ел қадірледі, құрылысшының қалағынан жана ғана шыққан ажарлы ауыл салып берді. 200 оқушыға арналған екі қабатты мектеп. Спортзалы қандай?! Сол кезде аудан орталығының өзінде болмаған еңселі, сәулетті мәдениет үйі, дүкен, монша, ауылдың барша ғимаратын жылумен қамтитын алып қазандық. Жаңа ауылда жұмыс та өрістеді. Мын жарымға жуық қара мал бақтық, 1500 гектар жерге дәнді дақыл ектік. Кейін өтпелі кезеннің өкпек желі жаңа ауылдың түндігін желпілдетіп, уық-керегесін қаусатып кетті. 1995-1998 жылдары электр жарығы үзілді. Жылу жүйесінің қазандығына отын таба алмадық. Нақ сол кезде ғимараттар

Айғаныш ханшаның усадьбесі бағытында туризмді дамытатын маршрут ашуға әбден болар еді. Сәл әріректе көне Ботай қонысы, Қарасай мен Ағынтай батырлардың жамбасы жерге тиген киелі жер «менмұңдалайды». Өттен осыны қолға алып, жүзеге асыруға ниет болмай тұр ғой.

Ел айтады «Дайын тұрған, салулы кешенді бұзғаннан не ұтамыз, Саумалкөлге Ақан серінің ескерткіші керек болса, өздері жаңадан салып алмай ма?».

— Сексенге жасым келгенде естиін дегенім осы ма еді, — деген Есләмбек Кеңесбаев, — Біз осы елде Ақан серінің аруағын сыйлағасын ғана отырмыз, әйтпесе, жайлы жер іздеп баяғыда-ақ көшіп кетпес пе едік. Көзіміз тірі тұрғанда бабамыздың ескерткішін қозғауға жол бермейміз! — деп тас-түйін отыр.

Осындай пікірге селдіреп қалса да, болашаққа сенімі мықты ауыл тұрғындарының бәрі қосылып отыр. Бір кезде еңсесі түссе де, қазір қабырғаларымен кеңесіп, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлықтың арқасында қайтадан тамырларында қан жүгіре бастаған. Ауылдағы жастар қолдарынан келгенше кәсіпкерлікпен айналысуда. Жекө кәсіпкер «Оразалинов» «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 35 сауын сиыр алып, мал басын өз төлі есебінен көбейтуді жоспарлауда, «Шыңғыс» шаруа қожалығы 20 бас мал алу үшін бизнес жоспарын дайындауда. Алақандай ауылдың тірегі болып отырған «Нұрсам» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2304 гектар жерге дәнді дақыл егуде. Демек Сері ауылының біржола сөтінеп кетуіне себеп жоқ. Жоғарыда біз айтқандай, оңтүстіктен үдере көшкен қалың ел топырағы құнарлы, қалың орманның

ішінде отырған, іргесінде көлі мөлдіреп жатқан осы қонысқа ат басын тірейтін болса, қайтадан түтінінің түзу ұшатынына елдің иманы көміл.

Жасы сексеннен асқан ақсақал Ермек Балбергенов «Ақан серінің ескерткішін Саумалкөл селосының кіреберісіне қою оншалықты көкейге қонбайды. Қойса, орталыққа қоймай ма? Айдынын асырып, аруағын биіктетіп. Әйтпесе, елге кіреберісте жоғары мәртебелі меймандарды қарсы алатын аудан әкімінің жанындағы көмекшісі тәрізді болып тұруы біртүрлі емес пе екен?!» — дейді.

Сөз соңында ауыл мұнын елге жеткізуші журналист және осы сапарды көзбен көріп, жүріп өткен азамат ретінде біз де Ақан серінің мүсінін бұзудың ретсіз екендігін айтуға тиіспіз. Өйткені қарсы жақ ауылдың болашағы жоқ деген сөзді желеу етуде. Осы болашағы жоқ дегеннің балтасы талай



ауылдың босағасын тас-талқан етіп қиратқан жоқ па. Сол сұрапыл көріністен сабақ алсақ, қанекей?! Ал, Ақан сері ауылының болашағы неге жоқ болсын, бар. Болғанда қандай! Күні ертен-ақ күнгейден көшкен жұрт теріскейдегі серінің ауылына табан тіресе, бұл ауылдың аспанында Ақан әні әуелеп, Арқа жұрты ажарлана түседі...

Бәйкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Науқан

ОҚУШЫ БЮДЖЕТІ – 2018

ҰЛ ➤

МЕКТЕП
ФОРМАСЫ
20000-30000 теңге



РЮКЗАК
2000-3000 теңге



АҚ ЖЕЙДЕ
2500-3500 теңге



АЯҚ КИИМ
5000-8000 теңге



ҚЫЗ ➤

БАНТИК
500-1000 ТЕҢГЕ



АҚ КОФТА
2500-3500 ТЕҢГЕ



РЮКЗАК **1500-2500**



МЕКТЕП ФОРМАСЫ –
20000-30000 ТЕҢГЕ



АЯҚ КИИМ
5000-8000 ТЕҢГЕ



Дереккөзі: Базар бағасы



Сұхбат

(Басы 1-бетте)

Айта кететін жәйт, газ 2017 жылдың қазанынан бастап Қытай бағытына қарай экспортқа шығарыла бастады. Бұл жоба кіріс әкеліп, борыштық міндеттемелердің өтеуін қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, Атырау мұнай өңдеу зауыты мен Павлодар мұнай-химия зауытын жаңғырту жұмыстары аяқталды. Осы зауыттар мұнайды өңдеу көлемі мен тереңдігін ұлғайтты. Мұнай өнімдерінің К4 және К5 стандартын шығару басталды. Шымкент мұнай өңдеу зауытында барлық іске қосу-реттеу жұмыстары 2018 жылдың тамызына дейін аяқталуы тиіс.

Осының барлығы мұнай бағасының күрт төмендеуі кезінде орын алды. Әрине, бұл компания үшін қиын кезең болды.

— **Мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту өздеріңіз күткендей нәтиже берді ме?**

— Иә, мұнай өңдеу зауыттарын реконструкциялау және жаңғырту біраз уақытқа созылды. Айту оңай ғой, бірақ тұрақты жұмыс істеп тұрған өндірісте жаңғырту жасалғанын түсіну керек. Шикізат өңдеу процесін тоқтатпай, барлық ауқымды жұмыс көлемін атқару — бұл технологиялық жағынан жеңіл шаруа емес. Бүгінгі күні нарықта ақшыл түсті мұнай өнімдері жетіп артылады. Отынды экспортқа шығару мүмкіндігін алу үшін біз профильді министрлік арқылы Ресей Федерациясымен жасалған келісімге өзгерістер енгізу мәселесін тездетуге тырысып жатырмыз. Естеріңізге сала кетейін, бізге ішкі нарықты қамтамасыз етуге міндеттелген еді. Соның салдарынан экспортқа тыйым салынды. Ендігі кезде біздің алдымызда мұнай өнімдерінің экспортын ұйымдастыру міндеті тұр.

— **Ал шетелдік активтер өзін өтеді ме?**

— Шетелдік активтерге бізде «Ромпетрол» жатады. Еуропалық активке қомақты қаражат салынды. Бұл актив те қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткерді: 2007 жылдан 2015 жылға дейін табыс түспеді. Сондықтан оның өтімділігі туралы әзірге айта алмаймыз. Бірақ 2013 жылдан бастап ҚМГ «Ромпетролға» қаржы бөлген емес. Ал 2016 жылдан бері кіріс алып отыр. 2017 жылы бұл актив 80 млн доллар әкелді. Нәтиже жаман емес. Табысты молайтуға тырысамыз.

— **Бағалардың өсуін мұнайшылар жақсы қабылдаған болар. Бұдан жағдай реттеле ме?**



— Иә, соңғы бірнеше жыл бойы мұнай бағасы төмен болды. Парадокс, бірақ шын мәнісінде бұл бізге көмектесті. Тіпті былай айтар едім, егер осы дағдарыс болмағанда, барлық қиын кезеңдерден өту үшін бізге оны ойлап табу керек, болар еді. Қиын кезеңдер дегеніміз профильді емес активтерді табыстау, басқарудың артық денгейлерін жою, тиімділікті арттыруға қатаң бақылау орнату.

— **ҚМГ жағдайды түзету үшін қандай нақты шаралар қабылдауда?**

— Әрине, бағаның өсуі бізге айтарлықтай көмектесті. Бірақ бұны тұрақты тенденция деп қабылдауға болмайды. Баға кез келген сәтте кері трендке ие болуы мүмкін. Төмен баға кезеңін пайдалана отырып, біз біртұтас шаралар кешенін жүзеге асырдық. Ал бағалар жоғары деңгейде сақталып тұрғанда, ол шараларды іске асыру қиында соғар еді.

Біріншіден, жаңа стратегия қабылданды. Оған сәйкес, ҚМГ жаңа операциялық үлгіге көшуді бастады. Біз бұл мәселені тұрақты түрде ашық жариялап отырмыз.

Бұрынғы ҚМГ — бұл шағын холдингтік ұйым, оның құрамында өз алдына ұлттық компания мен холдинг болып табылатын еншілес ұйымдар болды. Оның әрқайсысында — өзінің директорлар кеңесі, әрбір деңгейде өзінің тәуелсіз директорлары, әрбір компанияда өзінің стратегиясы болды. Біз бір компания тобының құрамында болсақ та, «Қазактөнізкөлікфлоты» компаниясында — жеке, «ҚазТрансГаз», «ҚазТрансОйл» және басқаларда — жеке-жеке еді. Бұл ретте басқарушылық ақпаратпен үйлесім де әлсіз болды.

Үйлестіру жұмыстарының әлсіздігі өз кезегінде жалпы компаниялар тобының тиімділігіне кері әсерін тигізді. Енді ҚМГ — бұл топтың стратегиясын, әдістемесін, стандарттарын, бірыңғай қазынашылық орталықты қалыптастыру бойынша функцияларды орындайтын, басты басқарушылық шешімдерді қабылдайтын бірыңғай корпоративтік орталық болды. Ал екінші деңгей — бұл тек өндірістік компаниялар ғана. Олардың міндеті тиімді өнім шығару немесе қызмет көрсету болып



Саубат МЫҢБАЕВ:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕН ТУЫНДАДЫ

табылады. Өздеріңізге белгілі, «ҚазМұнайГаз» — қайта өңдеу және маркетинг құрылымын тараттық. Қызметкерлері ҚМГ-ға жұмысқа орналастырылды. Бір бөлігі қысқартылды. Бұл интеграция оңай болмағаны түсінікті, бірақ бәрі ойдағыдай өтті. Қызметкерлердің барлығына бірдей жағдай жасауға тырыстық. Ең алдымен адамдарды іріктеудің бәсекеге қабылетті, әділ критерийлерінің болғанын қаладық. Бүгінде осы сияқты процестен «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» компаниясы өтіп жатыр, келесі «ҚазТрансГаз» болады.

Екіншіден, өткен жәжірібені ескере отырып, ағымдағы қызметті қалыптастыру кезінде, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде қаржылық тәртіп қажет. Біз инвестицияларға лимит орнаттық. Әрбір жобаның мерзімі бойынша, олардың кірістілігін талдау бойынша қатаң регламент енгіздік. Бұл мұнай бағасы көтерілген жағдайда инвестициялық шектеулер алына ма дегенді білдіре ме? Менінше, олай болмайды. Инвестициялар мүмкіндіктермен өлшенуі және борыштық жүктеменің артуын көздемеуге тиіс. Жаңа қатаң талаптарға байланысты бірқатар жобалардан бас тартуға тура келді. Дей тұра, ең маңызды деген жобаларымызды соңына дейін жеткізу керек болды. Ол жөнінде сұхбатымыздың басында айтып өткен едім.

— **Кез келген бизнестің мақсаты — пайда қору. Алайда өндірістің тиімділігі үшін көп жағдайда**

қажет болады. Тозығы жеткен жабдықтарға жұмсалатын шығындарды мен есепке алып отырған жоқпын. Сондықтан да біз бұған жол бере алмаймыз.

Әлеуметтік шиеленісті өршітпеу үшін біз оларды жауып тастай алмаймыз. Адамдарды түсінуге болады! Өйткені, түптеп келгенде, сол өңірлердегі халықтың әл-ауқаты мұнайды барлау, өндіру және мұнай сервисі сегментіндегі нәтижелерге негізделеді. Әрбір кәсіпорында оларды рентабельді деңгейге шығару үшін біз белгілі бір шаралар қабылдап жатырмыз. Біздің міндетіміз — тиімділігі төмен құрылымдық бөлімшелердің жұмыскерлеріне еш қиындықсыз қайта оқуға, басқа құрылымдарға ауысуға немесе қажет болған кезде жұмыстан шыққанда берілетін лайықты жәрдемақы алу мүмкіндігін ұсыну. Осы мақсаттар үшін біз 5/50 бағдарламасын әзірледік. Аталған бағдарлама өзін-өзі жұмыспен қамту секторына кетуге немесе басқа компанияларға жұмысқа орналасуға еркін тандау жасағандарға

ескере отырып, аталған өнім ішкі нарықта мұнай өндіруден түсетін кірісті қосымша ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қосымша кірісті мұнай өнімдерінің маркетингінен де күтуге болады. «АМӨЗ» ЖШС мен «ПМХЗ» ЖШС жаңғырту жобаларын аяқтау нәтижесінде мұнай өнімдері өндірісінің көлемі қосымша ұлғайтылды және тиісінше мұнай өнімдерінің қоржыны жақсарды. Бұл еліміздегі МӨЗ-де мұнай өңдеудің экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ақшыл түсті мұнай өнімдерінің қосымша көлемі ішкі нарықтың қажеттілігін толық өтеуге жағдай тудырып, әлем нарығының бағасымен Қазақстаннан тысқары жерлерге экспортқа шығару мүмкіндігі ашылды. Соның нәтижесінде компания кірісі арта түспек.

— **Көнерген кен орындардың мәселесі қалай шешіліп жатыр?**



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

— Иә, компания өсудің барлық мүмкіндіктерін іздестіруде. Әдетте, өндіру секторы компанияның негізгі табысын құрайды. Активтеріміздің басым бөлігі көнерген кен орындардан тұрады. Ондай кен орындарда тиімділікті арттыру қажеттілігі жоққа шығарылмайды. Алайда, бұл оңай мәселе емес. Бұл бағытта бірталай жұмыс жүргізіліп жатыр. Жер қойнауын пайдаланушылар біздің өндіру және

бұрғылау технологиялары ғылыми-зерттеу институтының мамандарымен бірлесіп түрлі зерттеулер жүргізуде. Жаңа тәсілдерді сынақтан өткізіп жатыр.

Әрине, бұрын болған өндіру көлемін біз қазір қалпына келтіре алмаймыз. Бұл — көлем азаюының табиғи процесі. Бірақ енгізіліп жатқан технологиялардың көмегімен осы кен орындарындағы өндірудің едәуір төмендеуін кейінге шегере аламыз.



— **Саубат Мұхаметбайұлы, бір жағынан ұйымдастыру құрылымын онтайландыру туралы айтып отырсаңыз, ендігі кезекте жаңа кәсіпорындар құрып жатырсыздар. Мысалы, IT жөніндегі ортақ қызмет көрсету орталығы. Мұның себебі неде?**

— Өзім IT жөніндегі ортақ қызмет көрсету орталығына (ОҚКО) көп үміт артамын. Аталған орталық бұрыннан шешімін күтіп отырған мәселелерді жолға қоюға бағытталған. Өкінішке қарай, бізде мынадай жағдай болды: әр мекемеде өзінің IT-платформасы бар. ҚТО-да — біріншісі, ҚТГ-да — екіншісі. Зауыттарда — үшіншісі! Бір SAP-тың өзінде түрлі компаниялар үшін түрлі модульдері болды. Соның салдарынан кәдімгі шоғырландырылған баланс аялап жинақталатын. Басқарушылық ақпаратпен жылдам алмасу жайында айтпай-ақ қояйын. Міне, осыдан тиянақсыз басқарушылық шешімдер басталады.

Осы мәселелерді шешу үшін ортақ қызмет көрсету орталығы құрылды. Бұл ҚМГ компаниялары тобының барлық кәсіпорындарына қызмет көрсететін IT-компания. Бүгінгі күні ПМХЗ немесе АМӨЗ-де енді IT-мамандар жоқ. Бүгінде ҚМГ «айтшиниктері» де жоқ, тек ҚМГ компаниялар тобы үшін осы жүйенің IT-архитектурасымен айналысатындар ғана қалды. Жаңадан құрылған ОҚКО — бұл барлық ҚМГ бойынша бірыңғай стандарттар, үйлесімді бағдарламалық өнімдерді енгізу. Бірыңғай IT-жүйесіз ҚМГ компаниялар тобы сияқты күрделі құрылымның жұмысын атқару мүмкін емес.

— **Саубат Мұхаметбайұлы, бірнеше жылдан кейін компанияны қандай дәрежеде көріңіз келеді? Бұл айтылып жүрген ұлттық компаниялардың IPO-сымен қаншалықты үйлеседі?**

— Біз компанияны ашық, әрбір позицияға әділ конкурстық іріктеу жүргізетін компанияға айналыдыруға тырысамыз. Біздің топ-менеджерлер осы пікіріме қосылатынына сенімдімін. Жұмысқан күш-жігердің нәтижесінде біздің бірыңғай, топтастырылған, тиімділігі жоғары компанияға айналатын күніміз алыс емес, қазірдің өзінде сондай болып қалыптасып келеміз.

IPO бойынша, иә, біз оған дайындық үстіндеміз. IPO-ға шығу әзірлік жұмыстарының үлкен көлемін көздейді. Оның өз талаптары мен стандарты бар, оларды енгізуге тиіспіз. Бұл жұмыс озық тәжірибеге сәйкес іске асырылатынына сенімдімін.

— **Рахмет, еңбегіңізге табыс тілеймін!**

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН



Геосаясат

(Басы 1-бетте)

Мұндай сенім былтырғы желтоқсанда бес елдің сыртқы істер министрлерінің Мәскеудегі кездесуінен кейін пайда болған еді. Жакында ғана Ресей үкіметінің сайтында 18 беттен тұратын келісім жобасының мәтіні жарияланды. Рас, оны көп өтпей алып тастады. Сарапшылар мұны жұртшылықтың «тамырын басып көру» деп бағалады. Жаны бар пікір. Қазір әлемдегі геосаяси ахуалдың шиеленіскені сонша, бұрынғыдай тек өз камын күйттеп, «айттым, бітті» деп тізеге басу қиын. Өзгенің де тілек-талабын ескеріп, келісімге келуге тура келеді. Содан шығар, әлгі мәтіннің мазмұны хақында өз ойын ортаға салғандар көбіне мәміледен сөз етті. Бұған дейін саяси және экономикалық мүдделердің кайшылығы келісімге келуге мүмкіндік бермеп еді.

Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы әңгіме алғаш рет 1994 жылы айтыла бастады. Сол кезде Әзірбайжан теңіздегі бай кеніштерін Батыстың алпауыт компанияларымен бірлесіп игеретінін жария етті. Ресей Каспийдің әлі ұлттық секторлар бойынша бөлінбегенін, нақтырақ айтқанда, құқықтық мәртебесінің айқындалмағанын алға тартып, «ғасыр келісіміне» наразы екенін



ұсынып келді. Жас мемлекеттер үшін кеніштерді игеріп, игілігін көру уақыт күтгірмейтін міндет еді. Сол кезде мамандар мұндағы мұнай мен газ қоры Парсы шығанағымен бәсекеге түсе алатынын айтып жатты. Осының өзі тараптардың мәмілеге келуі қиын екенін көрсетті. Бұған қоса, Әзери, Кяпаз, Чыраг (түрікмендер оны *Сардар дейді —ред.*), Сардар Жанғал кеніштері бойынша Әзірбайжан, Түрікменстан және Иран арасында меншік таласы бар.

90-шы жылдардың екінші жартысында біздің еліміз Ресей және Әзірбайжанмен екі жақты келіссөз жүргізуді бастады. Теңіз табанын орта сызық (*жәлі*) бойынша бөлуге

Тбилиси —Жейһан құбыр желісімен «қара алтын» әлемдік базарларға жеткізілген еді. Ал биылғы маусым айында іске қосылған ТрансАнадолы құбыр желісі (*TANAP*) де Каспий газын Грузия мен Түркия арқылы Еуропаға жөнелте бастады.

Жуырда ақпарат құралдары Әзірбайжан мен Иранның 700 млрд текше метр газ қоры бар Араз Алов Шарг кенішін бірлесе игеру жөнінде келісімге қол қойғанын хабарлады. Аталған жобалардың барлығы Каспий табанына құбыр төсеуді көздейді. Дәл осы мәселе жағалау елдері арасындағы келіссөздерде талас туғызатын. Әсіресе, теңізді кесіп өтетін ТАР жобасына экологияны, шығын көлемін алға тартып, өре-тұра қарсы шыққандар табылды.

КАСПИЙДЕГІ МӘМІЛЕ



білдірді. Арада көп уақыт өтпей, Кремль айтқанын «кайтып алды». Бұл ресейлік «Лукойл» компаниясының осы жобадан 10 пайыз үлес алуымен тұспа-тұс келді...

Оған дейін теңізді пайдалануда КСРО мен Иран арасында 1921 және 1940 жылдары қол қойылған келісімдер басшылыққа алынатын. Кеңес үкіметі құлап, жағалауда жана тәуелсіз мемлекеттер пайда болған соң теңіздегі шекараны айқындауға қажеттілік туды. Алайда көмірсутегінің мол қорымен трансұлттық компаниялардың көз құртына айналған Каспийде барлық тарапты бірдей қанағаттандыратындай мәмілеге қол жеткізу де оңай емес-ті. Оның үстіне тұйық теңіз, яғни әлемдік мұхиттарға қосылмайтындықтан БҰҰ-ның 1982 жылғы Теңіз құқықтары жөніндегі конвенциясын мұнда қолдана алмайды. Сол сияқты көлемі, су құрамы және табанының ерекшелігіне орай көл деуге де келмейді. Міне, сондықтан

мүмкіндік беретін аса маңызды уағдаластыққа қол жеткізді. Ал талас тудыратын кеніштерді бірлесе игерілетін болды. «ҚазМұнайГаз» бен Лукойл компанияларының Хвалынское кенішін бірлесе игеруді көздейтін жобасы бұған айқын дәлел бола алады. Қазақстанның Каспийдегі көпвекторлық әрі өзара тиімді энергетикалық саясатында, сөз жоқ, Қашаған кенішінің орны бөлек. Ғаламат жоба еліміздің көмірсутегі әлеуетін арттырып қана қойған жоқ. Қашаған соңғы жылдары игерілген әлемдегі ең ірі кен орны екендігімен де ерекше.

Арадан біраз уақыт өткенде Қазақстан мен Түрікменстан арасында келісім жасалды. Ресей мен Әзірбайжан, бертін келе Түрікменстан мен Әзірбайжан арасында қол жеткізілген уағдаластықтар ірі жобалар қатарын молайта түсті. Кейбір кеніштер бойынша өзара түсіністік таппай жүрген түрікмен мен әзірбайжанның тіл табысуы аса маңызды оқиғаға


Түрікмендер қарап жатпады. Он шақты жыл бұрын Мары қаласы маңындағы газ кеніштерінен жағалауға дейін құбыр тартты. Оған кейбір деректер бойынша, 3 млрд доллар қаржы жұмсады. Ендігі жерде Түрікменбашыдан Әзірбайжанның Сангачал терминалы арасында қуаты 30 млрд текше метр газ тасымалдауға арналған құбыр желісіне кететін қаржы көлемі 1,5 млрд доллардан аспайды.

Сарапшылар бүкіл дүние көз тіккен бес мемлекет басшыларының Ақтаудағы саммитінде қол қойылуы тиіс Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы құжатта теңіз табанына құбыр төсеу мәселесі онтайлы шешім табатынын айтады. Бұрын құбыр желісіне үзілді-кесілді қарсы шығатындар барлық елдердің келісімі қажет екенін алға тартып, түрлі жобаларды іске асырмауға күш салатын. Бұл жерде Батыс — Ресей, АҚШ-Иран қарым-қатынастарында геосаяси және экономикалық текетірестің үстем болғанын әмбеге

аян. Әңгіме басында мәмілеге бару қағидасы белен алып келе жатқанын айтып өттік. Мәскеу мен Тегран үшін қазіргі кезде сыртқы күштердің өз әскерін Каспийге әкелмеуі көкейкесті міндет боп тұр. Жакында Брюссельдің «Украина мен Грузия НАТО-ға мүше болады» деп жар салуы Кремльге жайсыз тиді. Ал Вашингтон Иранмен жасалған ядролық келісімнен шығатынын мәлімдеген соң Парсы Шығанағындағы саяси ахуал шиеленісе түсті. Мұндай жағдайда Мәскеу мен Тегранның экономикадан гөрі геосаясатқа басымдық беретіні түсінікті болса керек.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындайтын тарихи құжатқа Қазақ жерінде қол қойылғалы тұр. Бұл осы келісімнің дүниеге келуіне ерен еңбек сіңірген Қазақ елінің тағы бір тамаша жеңісі екеніне ешкімнің таласы жоқ шығар!

Срайыл СМАЙЫЛ,
шолушы



жағалаудағы елдер Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындауға әрекет жасады. Осыған дейін Арнайы жұмыс тобы 51 рет бас қосты. Сыртқы істер министрлері денгейінде ондаған кездесу өткізілді. Бірақ ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже шыға қойған жоқ. Ресей мен Иран кондоминимум қағидасын — бірлесе игеру керектігін мәлімдеді. Айта кеткен жөн, Тегран осы уақытқа дейін теңіз табанын теңдей бөлу

айналды. Екі ел Транскаспий (*ТАР*) жобасын іске асырғысы келеді. Түрікмен газын Каспий теңізі арқылы Әзірбайжанға, одан әрі Еуропаға жеткізуге мүмкіндік беретін осы құбыр желісіне Еуропа одағы да мейлінше мүдделі.

Әр түрлі қолдауын аямаған кәрі құрлық көптен бері Ресейден келетін «көгілдір отынға» балама іздеп жүр. Бұл Ресейді айналып өтетін алғашқы бағыт емес. Бұған дейін Баку-

ULT



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ШАРТАРАП

Әуедегі апат



Ресейдің Краснояр аймағындағы Ванкор кеніші аумағында Ми-8 тікұшағы құлап, 18 адам мерт болды.

Апат Игарка елді мекенінен екі шақырым жерде болған. Тергеу комитетінің айтуынша, тікұшақта экипаждың үш мүшесі мен 15 жұмысшы отырған. Қауіпсіздік ережелерін бұзу бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Осы апатқа екінші Ми-8 тікұшағының жүгі себеп болды деген мәлімет шықты. Тікұшақ жүгі бар әуе кемесіне соқтығысып құлауы мүмкін.

Елдің дәстүрін сыйламапты

Сауд Арабиясы Канададағы өз елшісін кері қайтарып, Канада елшісін елден кетуге әмір берді. Оған қоса, Канадамен жаңа сауда-саттық және инвестициялық транзакцияларды жүргізуге тыйым салынды.



Айта кетейік, өткен бейсенбі күні Канаданың сыртқы істер министрі Христя Фриланд Сауд Арабиясындағы құқық қорғаушы Самар Бадауидің және оның әпкесі Раиф Бадауидің қамауға алынуына қатты алаңдайтынын мәлімдеген болатын. Елші олардың босатылуын талап етті.

«Сауд Арабиясының либералдык желісі» атты интернет-сайтының негізін қалаушы Раиф Бадауи корольдіктің дін полициясы мен дін басыларын сынға алғаны үшін қамауға алынды. Сондай-ақ оған «исламға тіл тигізді және киберқылмыс жасады, әкеге бағынбады» деген айып тағылған. Бадауи 10 жылға түрмеге қамалды.

Содырлармен ауыз жаласқан

Ыстамбулда ДАИШ-пен байланысы бар деген күдікпен 40-қа жуық шетелдік ұсталды. «Түркия құқық қорғау мекемелері Ыстамбулда ДАИШ лаңкестік тобымен байланысы бар әрі терактіге дайындалуда деген күдікпен 38 шетелдікті қамалды», — делінген жергілікті Anadolu агенттігі таратқан хабарламада.



Құқық қорғау орындарының лаңкестікке қарсы құрылымы қаланың алты ауданындағы 12 мекенжайға бір уақытта рейд жүргізген. Ұсталғандарға «террорлық шабуылға дайындалды» деген айып тағылуда. Сонымен қатар операция барысында құжаттар мен сандық құрылғы тәркіленген.

Иран АҚШ санкциясына қыңбайды

Иран сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Бахрам Ғасеми АҚШ-тың Иранға қарсы санкциясы туралы пікір білдіріп, бұл әрекеттің пайдасыз және нәтижесіз екенін айтқан. Бұл туралы IRNA ақпараттық агенттігі хабарлады.



Бахрам Ғасемидің айтуынша, АҚШ санкциясы Иранның экономикалық құрылымына айтарлықтай әсер ете қоймайды. Ол «Иран аймақтағы салмағы бар елдердің бірі және қазіргі кезде жаһандық қолдауға ие. Әлемдік компаниялар АҚШ-тың қокан-лоқысына қарамастан, Иранмен ынтымақтастық орнатуға мүдделі», — дейді.

Иран лауазымдыларының айтуынша, бұл текетіресте АҚШ президенті жеңіліс табады. Алайда қазіргі кезде Иранның өз ішінде әлеуметтік толқу барған сайын күшейіп келеді. Үкімет басындағылар қайта-қайта мәлімдеме жасап, «Иран халқын кезекті қиыншылықтан тыныштықпен өтуге» шақыруда.



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Орайы келген әңгіме

Жас qazaq газетінде «Өмір - өнер» деп аталатын тұрақты айдар бар. Бұл айдарда өнер адамдарының өмірі мен өнері әңгімеге арқау болады. Бүгінгі кейіпкеріміздің қазақ театр өнеріндегі орны ерекше. Оның қазақ театры мен киносына қосқан үлесі, сомдаған образдары ешқашан ұмытылмайды. Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Еңбек қызыл ту», «Парасат», «Отан» ордендерінің иегері Сәбит Оразбаевпен жолығып, емен-жарқын әңгімелестік. Қазақ өнерінің қариясы әңгімені сонау балалық шағынан бастады. Аштық пен соғыстан кейінгі ауыр жылдарды еске алды. Әңгіме арасында өнер тақырыбы да қозғалды.

БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Менің балалық шағым өте бір қиын шақта өтті. Ашаршылық, ел есін енді жия бастаған тұста соғыс басталып кетті. Мен сол уақыттың қиындығына төзіп өскен балалардың қатарынанмын. 1936 жылы өмірге келдім. Есімде қалғаны Мырзабай дейтін ағам мектепте мұғалім болып жұмыс істейтін. Үйдің іші сол ағамның кітаптарына толы болатын. Ағам мені 4-5 жасымнан бастап әріп үйретіп, білімге баули бастады. 1-сыныпқа әліппе мен жазуды біліп бардым. Жазу мен оқуды ерте біліп алғаныма қатты қуандым. Бір кең дүниеге шыққандай болып, осы бір болашағым жарқырап тұрғандай әсер етті. Ағамның кітабының ішінде «Жамбылдың жыр жинағы» болатын, сол кітапты үнемі тастамай алып жүретінмін. Мектеппен үйдің арасы біраз жер болса да, қаһарлы қыстың суығында да кітаптарымды тастамай арқалап жүремін.

Әкем үш жасымда дүние салды. Ол кісі Құранды өте сауатты оқитын ілімді молда болған. Сол заманда ауыл молдалары ел арасында үлкен беделге ие еді. Анам тоғыз құрсак көтерген асыл жан. Бірақ көбі кішкентай кезінде қызылша ауруынан шетінеп кетіпті. Тоғыз перзенттен Зерхан әпкем екеуміз ғана қалдық. Анам мені 52 жасында дүниеге әкелген, үйдің ең кенжесімін. Бала

ӨМІР ӨНЕР

айтыстарда бір-біріне ескерту де жасалады. «Балаң есектен құлағанда, есекті қарғамай, баланның тақымын жөндемейсің бе!» деген сынды әзіл-шыны аралас өлең айтылып, арты ду күлкіге айналатын. Айтысқа өздері тағайындаған жүлдесін береді. Қиын кез болса да, көңілдерін өлеңмен аулайтын сондай өнерлі ортада өстім. Менің туып-өскен жерім қазір Түркістан облысы деп өзгерді ғой. Соның «Бәйдібек» ауылы дейтін бір ғажайып жері. Ақсу мен Арыс өзенінің бір-біріне құятын тұсы. Шығысымыз — Қаратау, оңтүстігіміз — Алатау. Ал батысымыз — Қазығұрт.

Енбекке ерте араластық. Қара жұмыс істедік. Ол кезде аяғым ауырды, ана-мынау болды дейтін сылтау айтылмайды. Бригадир таңертеңгі сағат 5:30-да келеді, ұйықтап жатқан жеріңнен егістікке алып кететін...

«ЖАСТАР
ЕҢБЕК ЕТПЕЙ
ТАНЫЛҒЫСЫ
КЕЛЕДІ»

Сұрапыл соғыс болып жатқан уақытта, біз мектепке бардық. Оқуға барамыз, сабақ оқимыз. Сабақтан кейін қара жұмысқа араласамыз. Қысқа отын дайындаймыз. Құртақандай балалар отын бұтап, оны жинастырамыз. Отынды мектептің қасына жинаймыз. Ол кезде көмір жоқ. Мұғалімдеріміз «Пеш жақпасандар, қыста мұздайсыңдар. Суық тиеді»

Сәбит ОРАЗБАЕВ:

«АШТЫҚ пен ЖОҚТЫҚ ЕРТЕ ЕСЕЙТТІ»

толғаны, дұрыстап жина» деп қайтадан өзіме берді. Мен онын айтқанын екі етпей істеп жатырмын. Ол кезде бізде бидайдан нан жеу деген атымен жоқ. Бәрін соғысқа жібереді. Колхозда бидай ұрлағандар жазаланады. Бізге ешкім ол жаққа баруға болмайтынын ескертпеген. Аналарымыз да ештеңе айтпапты. Бардық та, масакты теріп алдық. Дорбамыз енді тола бастаған кезде алыстан аттылы адамның бізге қарай құйындатып шауып келе жатқанын көрдік. Бригадир екен.

— Сендер кімсіңдер? — деді бізге ат үстінен төніп.
— Қонырбайдың баласымын. Әмірсейіттің қызымын, — дедік екеуміз қатар жамырап.
— Неғып жүрсіңдер мұнда?
— Масак тердік.
— Неге тересіңдер, кім рұқсат берді?

Масакты теруге болмайтынын білмейсіңдер ме? — деп ақырды.

— Сонда мына ит пен құсқа рұқсат бар да, бізге рұқсат жоқ па? — дедім.
— Ей, тілің кесілгір, мынаның айтып тұрғанын қарашы, тастандар дорбаларынды. Сендердің әке-шешелеріңді соттау керек. Бұл деген заң бұзушылық! — деп төпсінді.

Кейде ойлаймын, неге сол заманның адамдары қатап болды деп. Біздің жинаған бидайды алды да шашып-шашып, дорбамызды қолымызға ұстатты. Осылайша құралақан үйге қайттық. Аттан түспей біраз жолға дейін бізбен бірге жүріп, олай істеуге болмайды деп ақылын айтты. Кейін бір кітаптан оқығаным бар. Сол жылдары тіпті казактарға балық аулатпаған күндер де болыпты. Сондай арнайы тыйым салынған заң болған. Жайықтың жағасында қызыл балық бар емес пе?!. Кезінде Ресейдің құрамында болған уақыттары сол балықты ауыл адамдарына аулауға тыйым салыныпты. Мен «Андрейге ескерткіш қою керек» деген



әңгіме естігем. Андрей дейтін балықшы бүтін бір ауылды асыраған. Андрейге балық аулауға болады, ал казактарға болмайды. Сол Андрей аулаған балығын ауылдағы елге бөліп беріп отырған. Сондай бір қиын кезеңдерде өстік.

«МАЛ ДӘРІГЕРІ БОЛМАДЫМ»

Өткен күннен сабақ, өткен тарихтан тағылым алу керек қазіргі жастар. Сөйтіп жүріп мектепті бітірдім. Ауылдағы ақсақалдар кеңесіп, маған «мал дәрігері бол» деген ақыл айтты. Мектепте оқып жүргенде мәдени

шаралардың бәріне қатысып, домбыра шертетіп, ән салатынымын. Өнерімді бақылап жүрсе керек, Молдыбай деген ұстазым «Осы балада өнердің ұшқыны бар, осыдан бірдеме шығатын. Құрманбек Жандарбеков сынды өнер адамы болсаң жаман болмайсың. Ол кісі үлкен актер. Алматыға барып, сол кісінің жолын қуасаң адам болып кетесің» дейтін. Сонымен ауыл ақсақалдарын тыңдап, мал дәрігерлік мамандығын таңдадым. Алматыға келіп, ветеринарлық институтқа құжаттарымды өткізіп, оқуға түстім. Бір күні қаланы

жаюу аралап, қазіргі Абылай хан даңғылының бойымен келе жатқам. Қаланың ортасындағы сәулеті ерекше ғимараттың алдына келіп тоқтадым. Терезелерінің бәрі ашық,

Сұрапыл соғыс болып жатқан уақытта, біз мектепке бардық. Оқуға барамыз, сабақ оқимыз. Сабақтан кейін қара жұмысқа араласамыз. Қысқа отын дайындаймыз. Құртақандай балалар отын бұтап, оны жинастырамыз. Отынды мектептің қасына жинаймыз. Ол кезде көмір жоқ. Мұғалімдеріміз «Пеш жақпасандар, қыста мұздайсыңдар. Суық тиеді» дейтін. Сөйіп қыстың қамын жазда дайындап қоятынбыз.

біреулер домбыра тартып отыр, біреулер фортепиано ойнап жатыр. Кейбіреуінің қолында скрипка. Өнердің кайнап жатқан ортасы дерсіз. Көңілді, айналасына нұр шашып тұрған ғимарат секілді көрінді.



Ғимаратқа кірсем, есігінің алдында күзетші отыр екен. Әлгі күзетшіден сұрап едім, ол бұл жердің консерватория екенін айтты. Мұнда домбырашы, әнші, күйшілер даярланатынын түсіндірді. «Қазақтар бар ма?» деп сұрадым. «Иә, бұл негізінен казактарға арналған оқу орны. Ректоры Ахмет Жұбанов деген азамат» деді. Сөйтсем, барлығы емтихан тапсыруға дайындалып жатыр екен. Бұл жердің бір жақсысы, оқуға тапсыруға құжаттар басқа институттардан бір ай кеш басталатын болып шықты. Сол күннен бастап аяғыма тұсау салған аттай жүре алмай қалдым. Есіл-дертім консерватория. Сонымен не керек, әрі-бері ойланып, ақыры құжаттарымды консерваторияға өткіздім. Емтиханға дайындалдым. Әлі есімде, емтихан күнгі киіп барған киімім ескілеу болатын. Аяғымда брезент төпішке. Соны киіп жүргем. Кезегім келді. Сахнаға шықтым. Алдымен өлең оқыдым.

Бір кезде комиссия мүшесінің бірі: — Кандай ән білесің? — деді.
— «Ғайниды» айтам, — дедім. Ахмет Жұбановтан бастап барлығы отыр. Әуелетіп әнді бастап, жоғарғы нотаға көтергенде, жұрттың бәрі ду күледі. Сол кезде Аскар Токпанов «Күлмендер, жас баланың сағын сындырмайық, қысылмай айтсын» деді. Ән айтып болған соң, аяғыма қарадым. Сөйтсем, жоғарғы нотада аяғым бірге қозғалып, төпішкemenнiң аузы ашылып, төменгі нотада қайта қалпына келеді екен. Комиссиядағылар соған күліпті. Сөйтіп жыртық төпішкemenнiң аркасында оқуға түстім. Сол күні еліміздің түкпір-түкпірінен келген 24 бала оқуға қабылдандық. Қуанышымда шек жоқ. Өзімнің жүрегім қалаған мамандықты оқитыныма ерекше қуандым. Бізді екі топқа бөлді. Мені қазіргі Мұхтар Әуезов театрының көркемдік жетекшісі М.Шамовтың тобына жіберді. Ол кісі ең алдымен бізге жүріс-тұрысымызды түзеп, эстетиканы оқытты. Осылайша 1959 жылы оқуды аяқтап, 1960 жылы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында жұмысқа орналастым. Содан бері осы киелі қара шаңырақта қызмет етіп келемін. Міне, менің балалық шағымның қызығы мен шыжығы осындай. Соғыс бізді ерте есейтті.

Жазып алған
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Ақын Өтеген Оралбайұлының «Шуақты шақ» өлеңдер жинағының темірқазық тұғыры – туған елдің мәртебесі, Тәуелсіздіктің ғұмырлы болуы, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жүзеге асуына ақындық жүреппен, азаматтық тілекпен атсалысу.

Мұзбалақ Мұқағали ақын саршатамыз сағынышын суыта алмай кеткен Төңіртаудың етегіндегі Шөлкоде жайлауының шалғынын кешіп өскесін бе, Мұқағали музасының жан шуағын бала кезден сезініп есейгесін бе, жасымыздан өлең-жырға құмар болдық. Студенттік күнімізде басылым беттерінен көңілімізге ұнаған өлең жолдарын қыркып алып, поэзия кештері мен әдемі отырыстарда қолымызды сермеп тұрып өлең оқитынбыз. Жырға деген махаббат мүлде басқа мамандықтың шетінде жүрген бізді ақынжанды азамат етіп қалыптастырды. Поэзия дейтін тұнық әлемге іңкәр қылды. Осындай сәуелі сәттердің бірі өлең өлкесінде өзіне тән өрнегі бар қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Өтеген Оралбайұлының өршіл өлеңдерімен қауыштырған еді.

Тағы да сол Мұқағалиға ораламыз. Ақын «Өлең өмірдің өзіндей қарапайым болуы керек» демеуші ме еді. Халқының күйініші мен сүйінішін, көргені мен түйгенін, адам жан дүниесінің ішкі ырғақтарын, қалтарысы мен бұлтарысы мың сан қабат тіршіліктің түрлі түйткілдерін өз үнімен үндестіріп, өз бойынан өткізу шайыр үшін шарт секілді. Өтеген ақын өлеңдерінің өне бойында да дәл осындай өмір суреттері өріліп жатады. Парасат биігіне көтеріліп, кісіліктің келбетін кішілікке жалғаған үлкен жүректі дала перзенті Алтай мен Атыраудың, Арка мен Алатаудың арасындағы қазақтың салқар даласын құшағына тұтас сыйғызады. Ешкімді алалау жоқ. Болмысы таза боямасыз жыр «адалдығы сезіліп тұрар болса» кез келген адамды бауырына басуға бар.

Студент кезімізде сол кезде атағы жер жарып тұрған жастар газеті – «Лениншіл жасты» іздеп жүріп оқушы едік. Сол кезеңдерде Өтеген ағамыз Мұқағали туралы бірнеше эссе-новеллалар жазып, оны бәріміз қуана оқып, қызыға талдап, жатақхананың думанды кештерін дуылдатып жататынбыз. Сондай күндердің бірінде менің курстас досым, ақын ағанын туған бауыры Қойшан мені Өтеген ағанын үйіне ертіп барды. Осылайша сыртынан



біліп, қадірлеп жүрген ақынмен бетпе-бет кездесіп, бірге туған бауырдай болып кеттік. Өкінішке қарай, Қойшан дос қапыда қазаға ұшырап, өмірден тым ерте өтіп кетті. Бірақ ағамен арадағы шынайы бауырластық, міне, отыз жылдан асты, бір сәтке үзілген жоқ. Қашанда сағына кездесіп, ағанын ақ жайлау көңіліне әбден қанып, қуанып аттанып жатамыз. Еске түскен аяулы шақты еске алып жатқаным, Өтеген ағаның бәйгеге түскен жыр жинағына өз тілегіммен сөз арнап жатқасын таныстықтың қашан басталғанын көпке айта кетуді де жөн көрдім.

Ағамыздың отбасына келіп, жыр кітабына қолтаңба алғасын таныстық одан әрі тереңдеді. Тау бұлағындай тұнық сыр сүмбіле жырдың суатына сүйрей жөнеледі. Танымы терең, талғамы ерен арналы ақын уақыт пен заман тынысын еш қоспасыз дәл суреттейді. Қуштінің әлсізге көрсеткен өктемдігі, ақ пен кара, бақ пен нала, достық пен сатқындық секілді адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттер жыр тілінде көрініс табады. Сәуелді сөзге бас ұрып, сәуірді күс боп сайратқан сырлы өлең нәзік бола тұра асқак. Олай болуы заңды да. Нәсерлетіп жыр боратқан Ақтан мен Абылдың, арыстан жүректі Махамбеттің топырағынан жаралған жырлардың жалын мен жігерге бай болуы кездейсоқтық емес. Өтеген ақын поэзиясында ізгілік пен іңкәрлік, ұлттық мүлде, қазақы болмыс қашанда алдыңғы сапта.

*Төрт өрме қамшы тобылғы күрең сабы бар,
Әкемнің көзі, қолының ыстық табы бар.
Үйірсе қамшы шұрқырап эсөңки беретін,
Жабағы, құнан, жасатандап жүрген жабылар.
Ақынның «Төрт өрме қамшы»*

деп аталған осы бір төрт шумақ өлеңі біздің ғұымымыздағы әке дейтін қастерлі тұлғаны қазақтың қасиетті қамшысымен қатар өреді. Аңқылдап ескен самал жыр өнеге мен киені өзара үндестіріп, әкенің мейірімді алақанымен мандайыңнан сипайды. Ал қия басар болсаң

әкенің қатал қаһары аркана қамшы болып тиетіндей ширатып алады. Осы жырдың үшінші шумағында:

*Өткен шақ ол кез, келер шақ тездеп келгелі,
Жылынды тағы жылы
құсыменен жер демі.
Шаңын сұрт, апа,
танитын басқа кімі бар,
Төрт өрме
қамшы жабырқап
тұр ғой төрдегі, –*

деп көңіл түкпіріне қатталып қалған әкеге деген мәңгілік сағынышты, тілмен айтып тауыса



ПАРАСАТТЫ ЖЫРЛАР

алмайтын асқар сезімді әдемі суретпен сомдайды. Жаңға жылы бұл эпизодтар қазақы ауылдың қасиетін емген кім-кімді болсын тебіртпейтін мүмкін емес. Жүрек қылын шерткен арман-тілек мәңгілік аңсарға ұласып, жан-дүниенің баурайды. Ата-ананың қадірін, ұлтынның ұлы дәстүрін жете сезіне түссін. Жүрек қылын шертіп, санаға салмақ салатын мұндай сындарлы да шуақты жырлар кітаптың негізін құрайды. Демек, ақын жыр жинағының атын жақсы нышанға балап «Шуақты шақ» деп қойғанын түсінесін. Айтса айтқандай, қазір шуақты шақты бастан кешіп отырмыз ғой.

Біз ғалым не болмаса тіл маманы емеспіз. Өзімізді жай ғана жақсы жырды жата-жастана оқитын талғампаз оқырман қатарына жатқызамыз. Жүрек сүзгісінен өтіп, шынайы сезімнен туған өресі биік өлеңді бірден танимыз. Өйткені ондай өлеңде тазалықтың исі бұрқырап, ақынның ішкі бұлқынысы көңіл терезесінің әйнегінен көрініп тұрады. Өтеген ақын өзінің пайыммен жазылған парасатты жырларымен ақын адамға еркелік, қалыпқа сыймайтын еркіндік қана жарасалы, дейтін қасаң қағиданы жокқа шығарады. Ақыл мен сезімді қатар ұштастырып елдікті асқақтатуға, өрлікті аспандатуға құлаш ұрады. Тәуелсіздік бәйтерегінің мәңгілік көктегенін көксеген ол еркіндік жайлы мына бір өлеңінде:

*Қалың елім, көзге түсер беттесің,
Тек намысың қалғып ұйықтап кетпесің.
Көре алмастың көзі бізге жетпесің,
Тәуелсіздік Бәйтерегі көктесің.*

*Есік аштық алыс пенен
досқа сан,
Жетім күнмен күліп тұрып
қоштасам.
Байлық, барлық, билік,
бақыт, бағың да,
Азаттықтан артық
емес ешқашан, –*

деп Төңірден тәлейімізге бұйырған тәуелсіздік дейтұғын тәтті ұғымның қадірін біліп, бәсін биіктен құлатпауға үндейді. Енді бірде ақындық ар-ожданы мен азаматтық болмысын алдына жайып салып:

*Кірдім талай
теңдік үшін додаға,
Қалған эсөқпын
жанға жайлы
жағада.*

RYHANIAT
www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

*Қалың елім,
Қара орманым, сертім сол,
Менің жаным сендер үшін садаға, –*

деп ағынан жарылады. Намыс отын найзағайдай лапылдатып, бойда жасырынған бұла сезімді оятады. Отанды риясыз сүюге ұмтылдырып, оның қадір-қасиетін асқақтата жырлайды.

Оқырманын асыл сөздің барлық күдіретіне бөлеген мамыражай мамырдай сәулетті жырлар қуатты сезімнің тұңғығына тартады. Құнарлы ой, терең пәлсапа, таным көкжиегінді кеңейте түседі. Ақын өлеңдері қарапайым бола тұра адам ойына кіріп-шықпайтын тапқыр да талғампаз, түйдек-түйдек теңеулерге толы. Сөз күдіретін, өз күдіретім деп білетін қаламгер, оқырманды ой орманын арасына жетелеп, қиял құсын қияға шарықтатады.

Әлемнің 40-тан астам ақындарының өлеңдерін қазақшаға аударып, өзінің де отты жырлары орыс, украин, болгар, өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік, ұйғыр, тува, якут тілінде сөйлеген Өтеген Оралбайұлының қайраткерлік



жер, өскен өңір туралы көңіл толқынын тербетер рухты шумақтар шайырдың шалқар шабытын айықтаса керек. Тақырыбының сан алуан қыры мен сырын қапысыз ашқан қаламгердің, дәуір келбетін суреттеген дастандарының көркемдігі мен идеясын толық ашқан ақынның тапқан табысын айтпасақ, мойындамасак, әдебиетке ғана емес, азаматтығымызға да сын болар деп ойлаймын. Бір сөзбен айтқанда, ақынның парасатты жырлары оқырманның көкейіндегі ойды дөп басып, оны ашық сұхбатқа шақырғандай болады.

Елдіктің еңсесін биіктетіп, жасампаздықтың жалауын желбіреткен дегдар жырлар шуақты шақтың шұғылалы нұры дерсін. Ел мерейін тасытқан елеулі сәттерді тебірене толғаған елшіл, халықшыл қаламгердің қайраткер жырларынан құралған айтулы кітабы әдебиетіміздің басты сыйлығы – Әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлықты иеленуге әбден лайық. Азаматтық алғаусыз көңілмен айтар жалғыз тілегіміз – өлең сүйер қауымның жүрегін жаулап алған шуақты шығармалар жыр көгінде қалықтап самғай берсін, ақынның алар асуы, шығар биігі аласармасын.

Әлім ЖУСАНБАЙ,
*Мемлекеттік шекара
қызметінің полковнигі,
Көдендік одаққа мүше
мемлекеттердің
Құрметті азаматы,
Алматы облысы*

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі бөлінген оқу гранттарының саны бойынша көшбасшы атанды. Биыл 6,6 мыңнан астам мектеп түлегі ҚазҰУ-ды таңдап, мемлекеттік білім грантын иеленді. Олардың едәуір бөлігі – «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары.

ҚазҰУ – КӨШБАСШЫ

Бұл – еліміздегі жоғары білім беру тарихындағы рекордтық көрсеткіш. ҚазҰУ грант саны бойынша басқа жоғары оқу орындарынан оқ бойы озық тұр. Арман қуған талапкердің сапалы білім алуы үшін еліміздегі жетекші оқу орнын таңдауы аталмыш университетке деген жоғары сенімді білдіреді. Ең үлкен байқау радиотехника, электроника және телекоммуникациялар, ақпараттық жүйелер, автоматтандыру және басқару, туризм, химиялық технология мамандықтары бойынша жүргізілді. Халықаралық қатынастар және құқық, құқықтану, қаржы, есеп және аудит, экономика факультетіне талапкерлер тарапынан қызығушылық бәсеңдемей тұр. Магистратура мен докторантураға түсуге де байқау бұрынғысынша жоғары. Жекелеген мамандықтар бойынша бір орынға 15-20 үміткерден келеді.



ҚазҰУ әлемдегі үздік 220 ЖОО-ның қатарында. Сондай-ақ білім, ғылым және инновацияның жетекші орталығы болып табылады. Университетте әлемнің әйгілі жоғары оқу орындарымен серіктесу арқылы қос диплом білім бағдарламалары белсенді енгізілуде. Оқыту ағылшын тілінде жүзеге асып, көптеген жаңа мамандық ашылуда.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

БҮГІНГІ САТИРА



Кызымның сынып жетекшісінің мамандығы биолог болатын. Екі жылдай жетекші болып келіп, биыл кызым соңғы сыныбына барғанда апайы аттестат алғанға дейін деп ерекше тапсырма беріпті. Ондағысы: «Тауықтын таралымы және түрлері» деген тақырып бойынша әлемнің түпкір-түпкірінде тарыдай шашырап кеткен тауық атаулының тұқымын түгендеу екен. Яғни сыныпта 25 оқушы болса, апайлары әлемді 25 бөлікке бөліпті де, әрқайсысына тиесілі мекенді межелеп, сондағы тауық туралы бар мағлұматты

құрбыларына алыстағы Аляска, Курил аралдары бұйырғанын естіп, тәуба дедік. Не керек, кірісіп кеп кетіп едік, біз ойлағандай оңай

Е, не керек, шешесінің әкелгенін жата-жастана оқып-тоқып, қиыстырып-жиыстырып кызымның жетекшісіне «аттестат алуға» жарты жыл калғанда ұсына қойып едік, біртүрлі бүйірі толмай, семіз үштікке бағалапты. Үштік баға алғанына кызым кыртыып үш күн нәр сызбай жатып алғаны... Кайтейін, амалсыздан Африкаға өзім аттандым. Аудармашы жалдап, жөн-жосығын зерделеп, бір ай сол елдің академиялық кітапханасында болып қайттым... Бәрін айт та бірін айт, еңбегіміз жанып, кызымыз мектепті апайының арқасында ойдағыдай бітіріп шықты. Сол жылы кызымыз жоғары оқу орнының биология факультетіне оқуға түсті. Ал сынып жетекшісі сол жылы «Тауықтын тұқым тұяғы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады... Содан, қызық болғанда, кызымыз институттың бел ортасынан асқан мезетте, әлгі мектептегі апайы ғылым кандидаты болғандықтан, кызым оқитын оқу орнына мұғалім болып ауысып, тура кызымның курсының жетекшісі бола қалғаны бар. Апайы келген бойда курстағы 25 тәлімгеріне «Асығыс емес, диплом алғанша» деп тағы да тауық жөнінде тақырып бөліп беріпті... Бізге бұйырғаны, кызыма жүктелгені — бұрынғы Африканың тауығы болғанына тәуба дедік. Тек тақырыбы тереңдеп, тамыры тарамданыпты. Кызымыздың алдында магистратура бітірсем деген арманы барын білетін басым, ойланбастан Оңтүстік Африкадағы елшілікке күзетшілік қызметке кете бардым...

шаруа емес екен. Итініп интернетті сүзіп шықтық. Оңтүстік Африкада оннан астам мемлекет бар екен, бөлінен басып бес саусақтай менгеруге тура келді. Интернетін «тауық тақырыбына» жолай қоймайды екен, амалсыз

жинастыруды міндеттеген көрінеді. Бізге бұйырғаны, яғни кызыма жүктелгені — Оңтүстік Африка боп шықты.




Берік САДЫР,
сатирик
Астана

Бұл күндері мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен «Ұлы дала рухы» республикалық фестиваліне қатысушы спортшылар арасында еліміздің әр аймағы бойынша іріктеу жарыстары жүріп жатқаны белгілі. Шілденің соңғы апталары батыс аймақтық командалар үшін де қызу әрі тартысқа толы өтті. Батыс аймағы деген шартты атау алған Батыс Қазақстан облысы, Маңғыстау облысы, Ақтөбе облысы және Атырау облысының командалары ұлттық спорттан теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ, асық ату, көкпар, тоғызқұмалақ, қазақ күресі түрлері бойынша өзара сынға түсті.



Батыс аймақ топ жарды

Ақтөбе қаласында өткен тоғызқұмалақшылар арасындағы сайыста да Атырау облысының тоғызқұмалақшылары барлық қарсыластарынан басым түсіп, республикалық кезенге жолдама алды. «Тұлпар» атшабарында көкпардан өткен тартысты бәсекеде Маңғыстау облысының жұлдызы жоғары болды. Сөйтіп, Астана қаласында өтетін республикалық жарысқа көкпардан Маңғыстау облысының командасы қатысатын болды. Батыс аймақтық іріктеу жарыстарына барлығы 160 спортшы қатысты. Жөнімпаздар мен жүлдегерлер мәдениет және спорт министрлігінің тарапынан кубок және медальдармен марапатталды.



Қазақ күресі мен асық атудан бірінші кезеннің жарыстары Ақтөбе қаласында ұйымдастырылды. «Жекпе-жек» спорт сарайына 28-29 шілдеде жиылған жұртшылық қазақ күресі мен асық атудан өткен тартысты сайысқа куә болды. Батыс аймақтың командалары арасында бұл жолы Атырау мен Ақтөбе облысының мысы басым болғанын айтқан жөн. Екінші кезенге казак күресінен Атырау командасы, ал Ақтөбе командасы асық атудан жолдама алды.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

JAS QAZAQ

ТААБЕРЖЫСЫ

Ленсі









Жамантас жайлауы

Суреттерді түсірген Ғалия ҚАЛИЕВА

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23) Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырма — №2124; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 50 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i>
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.			